

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңестің шешімімен
Бекітемін
Төраға 
Г.К.Тасбергенова
2025 жылғы «25» қыркүйек
№ 02 хаттама

**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен даму жоспарының
ӨЗГЕРІСТЕР ПАРАҒЫ**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес 2025 жылғы қыркүйекте Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы мен Жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

Жаңа стратегиялық бағыт №8 қосылды:

№ p/c	Іс-шаралар	Өл ше м бір ліг.	2025	2026	2027	2028	2029
1	2	3	6	7	8	9	10
Стратегиялық бағыт №8. Консерваторияны цифрлық трансформациялау Мақсат: Білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметтің тиімділігін заманауи цифрлық технологияларды енгізу арқылы арттыру; білім беру ресурстарының қолжетімділігін, әкімшілік үдерістердің ашықтығын қамтамасыз ететін, онлайн-оқыту форматтарын дамытуға және музыкалық өнерді цифрлық ортада ілгерілетуге мүмкіндік беретін Консерваторияның бірыңғай цифрлық кеңістігін құру.							
1.	Республиканың және/немесе шетелдің ашық онлайн-платформаларында орналастыра отырып, ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) әзірлеу және енгізу	Бірлік.	2	2	2	3	3
2.	Сандық жеткізгіштердегі оқу және ғылыми әдебиеттер қорының үлесі	%	33	35	37	39	41
3.	Өнердегі заманауи цифрлық технологияларды (ЖИ), кәсіпкерлікті, ғылыми зерттеу негіздерін оқыту бойынша жаңа пәндерді әзірлеу және жоспарларына енгізу	Бірлік.	1	1	2	2	3
4.	Қазақ тіліндегі өнер пәндері бойынша жарияланған электрондық оқулықтардың саны (әр кафедрада жылына 1-басылым)	Бірлік.	14	14	14	14	14
5.	Жоғары оқу орындарында академиялық адалдық қағидаттарын іске асыру мақсатында алынған айқындаудың ақпараттық жүйелерінің саны (келісімнің болуы)	Бірлік.	1	1	1	1	1
6.	Мамандандырылған ақпараттық ресурстарға қол жеткізу	Бірлік.	8	8	9	9	10
7.	Жасанды интеллект бойынша біліктілікті арттыру сертификаттары бар профессорлық-оқытушылар	Адам	50	60	70	80	90

	құрамы үлесі						
8.	Жасанды интеллект бойынша біліктілікті арттыру сертификаттарына ие білім алушылардың (барлық деңгей) үлесі	Адам	75	80	85	90	95
9.	Цифрландыру жобаларына (цифрлық концерттер, виртуалды көрмелер) тартылған білім алушылардың үлесі	Адам	40	50	60	70	80

1. Осы бағыттың жаңа 1–4-тармақтары «Музыкалық өнер, кәсіби музыкалық білім беру және арт-менеджмент саласында бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау» атты №1 стратегиялық бағыттан ауыстырылды, онда олар тиісінше №3; 5; 8; 9-тармақтар болып тұрған;

2. Осы бағыттың жаңа 5 тармағы «Консерваторияның ғылыми-зерттеу және шығармашылық дамуы» атты №3 стратегиялық бағыттан ауыстырылды, онда ол тиісінше №34 тармақ болып тұрған;

3. Осы бағыттың жаңа 6-тармағы «Білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды жаңғырту» атты №4 стратегиялық бағыттан ауыстырылды, онда ол №58-тармақ болып тұрған;

4. 7–9-тармақтар қосымша енгізілді, себебі олар заманауи технологияларды оқу үдерісіне енгізуде; білім алушылардың еңбек нарығында сұранысқа ие қосымша құзыреттерді алуында; сондай-ақ цифрлық технологияларды тәжірибелік қолдану арқылы техникалық қана емес, шығармашылық дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады.

Өзгерістерді Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен даму жоспарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері 22.09.2025 жылғы № 122-п бұйрығына сәйкес әзірледі:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Кошербаев Ж.А.

Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және және халықаралық ынтымақтастық жұмыс жөніндегі проректор

Нусупова А. С.

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор

Кулданов Н. Т.

Ректор аппараты қызметінің басшысы

Сиротин В.В.

Қаржы-экономикалық қызметі басшысы

Мазбаева А. Т.

Құрастырушы: Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы

Сарымсақова А.С.